

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ**  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
**АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**  
имени Гумарбека Даукеева  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aues.kz

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aucs@aues.kz

**ХАТТАМА**

**ПРОТОКОЛ**

«23» маусым 2021 ж./г.

№ 7

АЭЖБУ Түлектері қауымдастығы Қамқоршылар кеңесінің отырысы Алматы қ.

**АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің отырысы өткізілетін орын:**

Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1, онлайн форматы, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ «А» ғимараты.

Қамқоршылар кеңесінің отырысын өткізу күні мен уақыты: 2021 жылғы 23 маусым, сағат 15:00-де.

Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің барлығы – 18 адам.

Қатысқандар – дауыс беру құқығы бар қамқоршылар кеңесінің 11 мүшесі.

АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков күн тәртібін баяндады. Кворум бар.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Түлектер қауымдастығы қамқоршылар кеңесінің 2020/21 оқу жылындағы қызметінің қорытындылары және қор қаражатының жұмсалуды туралы. Баяндамашы - Г.С. Смағұлова, ҚК жауапты хатшысы.
2. 2021/22 оқу жылына қауымдастық қорын құру туралы. Баяндамашы – Г.С. Смағұлова, ҚК жауапты хатшысы.
3. Әр түрлі: АЭЖБУ Стратегиялық даму жоспары. Баяндамашы – Талдау және даму стратегиясы департаментінің директоры Бәсен Жігер.

**I. Түлектер қауымдастығының қамқоршылар кеңесінің 2020/21 оқу жылындағы қызметінің қорытындысы және Қор қаржысының жұмсалуды туралы**

Осы мәселе бойынша АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Ғалия Серікқызы Смагулова сөз сөйлеп, бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес келесі іс-шаралар орындалғанын хабарлады:

Қамқоршылар кеңесінің екі онлайн отырысы өткізілді, онда келесі мәселелер қаралды:

### **I. Есепті кезеңде ақшалай қаражатты бөлу келесідей:**

1. АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің 2020 жылғы 28 қазандағы №5 кеңес отырысының хаттамасына сәйкес қауымдастық қорының қаражатынан ай сайын 21 000 теңге көлемінде 11 жетім студенттерге және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға материалдық көмек көрсету туралы ағымдағы оқу жылының 1 қазанынан 31 қаңтарына дейін бірінші семестрге материалдық көмек төленді, жалпы сомасы 924 000 теңгені құрайды. Бұл жерде айта кету керек, біздің қамқоршылар кеңесінің мүшелері Борис Владимирович Артеменко, Айдар Чарлизович Беркімбаев, Жаймухан Максұтович Медетов, Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов, Оразбек Тельбаевич Бекбас, Серік Сүйінбекұлы Тютөбаев, Асқар Кежекович Искаков ықыласпен төлейтін мүшелік жарналардың төлемдерінен құралады. Бұйрық шығарылды, тиісті сома төленді.

### **Атаулы стипендиялардың құрылтайшысы 9 адам болды:**

1. «Завод Электрокабель» ЖШС Бас директоры Борис Владимирович Артеменко Электр энергетикасы және электротехника институтының студенті Аяла Думановна Кунанбаеваға екі жыл атаулы шәкіртақы төледі. Көп рахмет, Борис Владимирович! Екі жыл ішінде 420 000 теңге төленді.
2. «Казэнергопрофсоюз» ҚБ төрағасы Оразбек Телбайұлы Бекбас 6В07108 «Автоматтандыру және басқару» мамандығының 2-курс студенті Альфариза Хамитоваға, 210 000 теңге.
3. «КазэнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ Бас директоры Жаймухан Мақсұтұлы Медетов ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Заңғар Асхатұлы Бесжігітовке, 210 000 теңге.
4. «Степногорск энергокешен» ЖШС Бас директоры Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Дижан Бауыржанұлы Рахманға, 210 000 теңге.
5. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ техникалық шарттар басқармасының бастығы Гульнара Батжановна Исабекова Радиотехника мамандығының 2-курс студенті Аружан Байғалиқызы Ерболатоваға, 210 000 теңге.
6. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарушы директоры Серік Сүйінбекұлы Тютөбаев Жылу энергетикасы мамандығының 3-курс студенті Абдулла Рустамұлы Шариповқа, 210 000 теңге.



7. Андрей Анатольевич Кибарин, Жылу энергетикалық қондырғылар кафедрасының меңгерушісі, АЭЖБУ профессоры, Жылу энергетикасы мамандығының 1-курс студенті Анастасия Александровна Юргельге, 210 000 теңге.

8. «ZHERSU» БАИ Бақылау Кеңесі Төрағасының кеңесшісі/Басқарма Төрағасының даму жөніндегі орынбасары Аскар Кежекович Исаков 6B07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 1-курс студенті - Бахытжан Султанұлы Абдуалиге, 210 000 теңге.

9. «АЭЖБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серікбек Жүсіпбекұлы Дәукей Ақпараттық технологиялар жүйесінің білім беру бағдарламасының 1-курс студенті - Әділ Дулатұлы Қалиевқа, екінші семестрден бастап 186 000.

**Атаулы стипендия іс жүзінде ағымдағы жылдың 1 маусымына – 1 412 163 теңге, тағы маусым, шілде және тамыз айларына - 414 558 теңге төленді, қорда қаражат бар.**

V. Әлеуметтік қолдау

АЭЖБУ ректоры Сауле Саветовна Сагинтаеваның атына «АЭЖБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серікбек Жүсіпбекұлы Дәукей 2021 жылғы наурыздың бір айы үшін бір реттік материалдық көмек көрсетуге 250 000 теңге көлемінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан 10 студентке 25 000,00 теңгеден ақшалай қаражат түсті. Бұйрық шығарылды, тиісті сома төленді.

**Барлығы қауымдастық қорынан 3000721 теңге ақшалай қаражат жұмсалады.**

Қамқоршылар кеңесі отырысының хаттамалары біздің сайтта "түлек" санатында орналастырылған. Қамқоршылар кеңесінің шешімін орындау бойынша университет бойынша бұйрық шығады, оған сәйкес бухгалтерия студенттерге төлем жасайды, содан кейін бұйрық машинада университеттің тиісті бөлімшелеріне бақылау үшін қолданылады. Барлық шығарылған бұйрықтарды сіз экранда көре аласыз.

**II. АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің 2021 жылғы 31 наурыздағы шешіміне сәйкес № 6 хаттама қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшесі болып бекітілді:**

Антон Олегович Комлев, «Либерти Групп» ЖШС Бас директоры.

Одан біздің университетте Даңқ залын ашу туралы ұсыныс түсті. Жобаның алдын ала құны 2 440 000 теңгені құрады, оның 1 000 000 теңгесін Либерти Групп компаниясы Бас директор Антон Олегович Комлев атынан енгізуге уәде берді, сондай-ақ ол осы құнды бір кездері біздің университетімізді бітірген басқа түлектердің салымы есебінен толығымен жабу үшін басқа түлектерден қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жүргізуге дайын екендігін білдіреді, сол арқылы өзінің алғысын білдіреді.

Тақырыптық-экспозициялық жоспар әзірленді, жоба бойынша техникалық тапсырманы ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Алмаз Абжалиевич Саухимов, біздің креативті студенттерімізді, айтишниктерді және т.б. тарта отырып, институттар директоры бастаған жұмыс тобы әзірледі. ЖОО ректоратына келесі оқу жылына бюджет бөлу үшін университет инфрақұрылымын дамытудың стратегиялық жоспарына осы жобаны енгізу туралы немесе осы жобаны іске асыру бойынша Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің ұсыныстарын қарау туралы шешім қабылданды, мүмкін сіздерде қандай да бір ұсыныстар бар шығар.

### **Ш. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және кадрларға Тапсырыс беруші кәсіпорындардың, әріптестердің қатысуымен жетілдіру перспективаларын қарау.**

АЭЖБУ уақыттың жаңа сын-тегеуріндеріне сәйкес мамандар даярлайтын болады. Электр энергетикасы және электротехника институтының директоры Жұбаныш Абдимұратов жаңа білім беру бағдарламасына Гидроэлектроэнергетиканы енгізу туралы ұсыныс жасады.

Жаңа оқу жылында телекоммуникация және ғарыштық инженерия институтының директоры Ғани Балбаев Анхальт университетімен (Германия) бірлесе отырып "Жүйелік инженерия" атты жаңа білім беру бағдарламасын іске қосуды ұсынып отыр. Компания серіктестері: «Saiman корпорациясы» ЖШС, «Сименс» ЖШС, Анхальт университеті, Германия.

Қамқоршылар кеңесі университеттің оқу-зертханалық базасының жағдайы туралы ақпараттандырылды. Жаңа білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды үйлестіру үшін ұсынымдар әзірленді.

### **IV. АЭЖБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастырумен практикадан өту мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға қажеттілігін мониторингілеу.**

Университет мастер-кластар, коучингтер, жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отыр, онда компания өкілдері, жетекші мамандар, менеджерлер кәсіби мансапты құру мәселелерін талқылау үшін студенттермен бейресми жағдайда кездеседі, практикалық шеберлік дағдыларын көрсетеді, жұмысқа орналасудың тиімді тәсілдері мен нысандары туралы хабардар етеді.

Жұмысқа орналастыру мәселесін ол пайда болғанға дейін шешуге мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың мақсатты өтінімдері бойынша, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың кепілдік хаттары бойынша мамандар даярлау туралы шарт мүмкіндік береді.

Осылайша, студенттердің бір бөлігі бірінші курста-ақ оларды әрі қарай жұмысқа орналастыру туралы шарттарға ие болады. «Студент-Кәсіпорын-ЖОО» үш жақты шартында тараптардың әрқайсысының міндеттері айтылады. Кәсіпорынның басты міндеті - алған мамандығы бойынша жоғары оқу орнын



бітіргеннен кейін жас маманға жұмыс ұсыну. Жұмыстың бұл түрі белгілі бір жұмыс орнына белгілі бір кәсіпорын үшін мамандар даярлауға мүмкіндік береді, ал «Студент-Кәсіпорын-ЖОО» үш жақты шарты болашақ маманға оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуға белгілі бір кепілдік береді. Жұмысқа орналасуға арналған үш жақты келісім оқу процесінің сапасына да айтарлықтай әсер етеді.

Жұмыс берушілердің көмегімен ғана біз тәжірибе, тағылымдама өткізу сапасын арттырып, АЭЖБУ түлектерінің жұмысқа орналасуын арттыра аламыз.

Төраға Аскар Кежекович Искаков: бар болса, сұрақ қойыңыздар.

### **КЕҢЕС ШЕШТІ:»**

1. Атқарылған жұмыс туралы есеп мақұлданын, 2020/21 оқу жылы үшін Қор қаражатын бөлу жөніндегі есеп назарға алынсын.

*Дауыс беру нәтижесі: қолдаған - 11, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.*

### **II. Екінші мәселе бойынша: Қауымдастық қорын құру туралы**

Осы мәселе бойынша АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Ғалия Серікқызы Смагулова сөз сөйлеп, 2021 жылғы I маусымдағы жағдай бойынша түлектер қауымдастығы қорының жалпы сомасы 800 000 теңгені – бос қаражатты құрайтынын хабарлады. оның ішінде:

**Заңды тұлғалардың мүшелік жарналары** – 600 000 теңге, оның ішінде:

Қазақстандық салалық энергетиктер кәсіподағы - 100 000 теңге, «Степногорск энергокешен» ЖШС - 200 000 теңге, ES Energy Qazaqstan ЖШС - 200 000 теңге, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - 100 000 теңге.

**Жеке тұлғалардың мүшелік жарналары** – 200 000 теңге, оның ішінде:

Айдар Чарлизович Беркимбаев – 100 000 теңге, Серік Сүйінбекұлы Тютөбаев - 100 000 теңге. Мүшелік жарналардың жиыны - 800 000 теңге. Бұл қаражат келесі оқу жылына көшеді.

Биыл 1 жетім студент оқуын аяқтады, 15 жетім студент қалды.

ҚР БҒМ бакалаврлар үшін мемлекеттік стипендия мөлшерін айына 26 186 теңгеге дейін ұлғайтқанын атап өткім келеді.

Биылғы оқу жылында атаулы стипендияның 9 құрылтайшысы болды.

Жалпы, сіздің қайырымдылықтарыңыз стипендиялық бағдарламаға — Түлектер қауымдастығының стратегиялық жобасына бағытталған, оның мақсаты — таңдаған білім саласындағы ғылыми және мансаптық жетістіктерге бағдарланған студенттерді, магистранттарды қолдау. Түлектер қауымдастығының стипендиясы

жас мамандардың қалыптасуына көмектесуге, ғылыми-зерттеу қызметінің құндылығы мен нәтижелілігін арттыруға, мақсатқа ұмтылған әрі талантты жастарды табуға және қолдауға бағытталған.

Ассоциацияның стипендиялық бағдарламасының бірегейлігі сонымен қатар іріктеудің әрбір қатысушысы менторды алатындығында: университеттің табысты түлектері бір жыл бойы қоғамдастыққа қосылуға, өз мамандығын жақсы түсінуге және болашақ мансаптық траекториясын дәл анықтауға көмектесіп, болашақ кәсіпқойлар үшін тәлімгер болады. Қазір біз 2021/22 оқу жылының стипендиялық бағдарламасына қаражат қалыптастырамыз.

Төраға Асқар Кежекович Исаков: Бар болса, сұрақтарыңызды қойыңыздар.

Гульнара Батжановна Исабекова, Асқар Кежекович Исаков, Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов келесі оқу жылында өз қамқорлығындағыларға атаулы стипендия төлеуді жалғастыруға бастамашылық етті.

### **КЕҢЕС ШЕШТІ:**

1. Назарға алынсын.

2. Қамқоршылар кеңесінің мүшелері келесі оқу жылына АЭЖБУ түлектері қауымдастығының қорын толықтыру үшін кәсіпорындар бойынша және түлектер арасында демеушілік көмек көрсету бойынша үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізісін.

*Дауыс беру нәтижелері: қолдаған - 11 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.*

3. Әр түрлі: АЭЖБУ Стратегиялық даму жоспары.

Осы мәселе бойынша Стратегия және даму департаментінің директоры Бәсен Жігер сөз сөйледі. Баяндама мен презентация қоса беріледі.

2025 жылға дейінгі трансформациялау стратегиясын АЭЖБУ Директорлар кеңесі бекітті. Даму жоспары үшін 5 стратегиялық бағыт бөлінді: білім беру қызметі, ғылыми, инновациялық және жобалық қызмет, оқыту персоналы әлеуметтік қызмет, интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық, цифрландыру және басқару жүйелері.

Асқар Кежекұлы: Сайман кәсіпорны біздің бағдарламаларға қатысады, онда біздің көптеген түлектеріміз жұмыс істейді. Кәсіпорын директоры сайманды қамқоршылық кеңестің жұмысына тарту, яғни оның кандидатурасын қамқоршылар кеңесінің құрамына енгізу туралы ұсыныс бар. Екіншіден, Нұр-Сұлтанда вакуумдық ажыратқыштар мен релелік қорғау терминалдарын, яғни толыққанды өндіріс өндіретін зауыттың құрылысы аяқталып келеді. Электр энергетикасы институтының түлектерін жұмысқа орналастыру мүмкіндігі бар.

Абзал Қалығұлов: стратегиялық даму бойынша, Карсола университеті технология саласындағы үздік университеттердің бірі рейтинг бойынша әлемнің 200 үздік университеттерінің қатарына кіреді. Біздің университет басшылығымен келісілді нақты қадамдар мен ұсыныстар енгізу қалды.

Асқар Кежекұлы: өлшеу құралдарын тексеру жөніндегі зертхананы ұйымдастыру бойынша Сайман осындай жабдық шығарады. Сайманда зертхана ашқан дұрыс, себебі есептегіштер университетке келмейді. Дуалды білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді тегін оқытуға болатын болса, жабдықты сатып алудың қажеттілігі қанша? Екіншіден, кернеу сапасы бойынша, егер су дайындау, жылумен жабдықтау, автоматтандыру бойынша қызығушылық болса, көмек көрсете алатын мамандарды қосуға болады.

### КЕҢЕС ШЕШТІ:

1. Назарға алынсын.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Асқар Кежекұлы Искаков өзінің қорытынды сөзінде жоғары білікті мамандарды даярлауда, ЖОО-ның өндіріспен байланысын нығайтуда қолдау көрсеткені және жемісті ынтымақтастығы үшін Кеңес мүшелеріне алғысын білдірді, бұл саланың дамуына және еліміздің беделіне ықпал етеді.

АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің төрағасы  А.Искаков

АЭЖБУ қамқоршылар кеңесінің  
жауапты хатшысы



Г.Смагулова